

«БЕКІТЕМІН»

Коңа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық

казак-түрк университетінің ректоры

Ж. Темірбекова

2022ж.

05



## САПА МЕНЕДЖМЕНТИНІҢ ЖҮЙЕСІ

ҚҰРЫЛЫМ ЕРЕЖЕСІ  
KE-TK-001-2022


АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТИ  
ТҮЛЕКТЕР ҚАУЫМДАСТЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМ ЕРЕЖЕСІ

### АЛҒЫ СӨЗ

1. Түлектер қауымдастығымен ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕҢГІЗІЛДІ
2. Әзірлеген – үйлестіруші М.Т.Асанова
  
3. Келісілді
  - Әлеуметтік- мәдени даму вице-ректоры А.Тұрғанбаев
  - Заң бөлімінің басшысы Г.Мусаханов
  - Адам ресурстарын басқару бөлімінің басшысы К.Тубеков
  - Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы Ж.Дарибаев
  
4. ЕҢГІЗІЛДІ – 2022 ж.
5. Тексерілу мерзімі – 2024 ж.

Қызмет бабында пайдаланатын басылым

Түркістан



<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>КЕ-ТК-001-2022</i>
<i>Сапа менеджментінің жүйесі</i>	<i>Құрылым ережесі</i>	
<i>Түлектер қауымдастыры</i>		<i>11 беттің 2-беті</i>

## 1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 «Ахмет Ясауи университетінің Түлектер Қауымдастыры» (әрі қарай – қауымдастық) коммерциялық емес және халықаралық қоғамдық үйім болып табылады

1.2 Қауымдастық ерікті түрде Қазақстан Республикасы азаматтары мен шет ел азаматтары болып табылатын Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті түлектері (әрі қарай – Ахмет Ясауи университеті) мен Қазақстан Республикасының басқа да азаматтарының басын біріктіретін, Қазақстан Республикасының заңнамаларына қайшы келмейтін ортақ мақсаттары бар үйім.

1.3 «Ахмет Ясауи университетінің Түлектер Қауымдастыры» университет түлектерін біріктіру, олардың кәсіби сапасын және іс-тәжірибелік дағдыларын тұрақты жетілдіру үшін жағдай жасауға ықпал ету, олардың кәсіби мұдделерінің құқықтарын қорғауда материалдық, моральдық және құқықтық қолдау көрсету, Ахмет Ясауи университетінде даярланған мамандарды жұмысқа орналастыруға, әлеуметтік, экономикалық, саяси және ғылыми-техникалық бағдарламаларды іске асыруға ықпал етуді көздейді.

1.4 Қауымдастық қоғамдық жұмыстардың алуандығына орай университеттің барлық вице-ректорларымен тығыз байланыс орнатады, Әлеуметтік-мәдени даму вице-ректорына тікелей бағынады.

1.5 Қауымдастық мүшелері өз қызметін негізгі қызметіне қоса қоғамдық бастама ретінде атқарады.

1.6 Қауымдастық Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес заңды тұлға болып табылады.

1.7 Қауымдастық осы ережеде көзделген қызметін Қазақстан Республикасы аумағында жүзеге асырады.

1.8 Қауымдастық өз қызметінде университет Сенатының нұсқауларын, КР «Білім туралы» заңын, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексін, Қазақстан Республикасының «Қоғамдық бірлестіктер туралы» Заңын, «Коммерциялық емес үйімдар туралы» КР Заңын, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік-құқықтық актілері, сондай-ак университет Жарғысы мен нормативтік құжаттарын басшылыққа алады.

1.9 Қауымдастықта қызмет атқаратын қызметкерлерді материалдық-техникалық базамен қамтамасыз етеді.

1.10 Қауымдастық жұмыстарының нәтижесіне Түлектер қауымдастырының төрағасы немесе атқарушы директоры толық жауапты.

1.11 Қауымдастық төрағасы немесе атқарушы директоры белгілі себептермен жұмыста болмай қалған жағдайда қауымдастықтың жұмысына координатор жауапты бола алады.

## 2 ҰЙЫМДАСТЫРУ ҚҰРЫЛЫМЫ

2.1 Қауымдастық орталығы Қазақстан Республикасының Түркістан қаласында орналасқан.

- Қазақстан Республикасының басқа да аймақтары мен алыс және жақын шет елдерде филиалдары болады және олар Жалпы жиналыстың шешімдерімен құрылады.
- Филиал басшылары немесе қауымдастық өкілдіктері Кауымдастық Басқармасымен тағайындалады.
- Филиалдар немесе қауымдастық өкілдіктері өзінің қызметтерін Қазақстан Республикасы заңнамаларына сәйкес осы ереже шенберінде жүзеге асырады.

<i>Көжә Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>	<i>KE-TK-001-2022</i>
<i>Сапа менеджментінің жүйесі</i>	<i>Құрылым өрежесі</i>
<i>Тулектер қауымдастыры</i>	<i>11 беттің 3-беті</i>

## **2.2 Қауымдастықты басқару**

Қауымдастықтың басқару органдары мыналар болып табылады:

- Жоғары басқарушы орган – Жалпы жиналыш;
- Атқарушы орган – Басқарма;
- Бақылау органдары – Тексеру комиссиясы.

## **2.3 Қауымдастыққа мүшелікке қабылдау және оның міндеттері мен құқықтары**

### **2.3.1 Қауымдастыққа мүшелік ерікті болып табылады.**

Қауымдастық мүшесі Қауымдастықтың мақсаттары мен міндеттерін қабылдайтын, мойындастырын және Қауымдастықтың мүшелік жарнасын төлеп тұратын, бірлестік қызметіне көмектесетін Ахмет Ясауи университетінің тұлегі болып табылатын Қазақстан Республикасының азаматтары мен шет ел азаматтары бола алады.

### **2.3.2 Қауымдастық мүшесінің құқықтары:**

- Қауымдастықтың қолдауын, қорғауын және көмегін пайдалануға;
- Қауымдастықтың жетекші және бақылаушы орган сайлауларына қатысуға және оған сайлануға;
- Қауымдастық өткізген іс-шараларға қатысуға;
- Қауымдастықтың қызметіне қатысты ұсыныстар енгізуге, оларды талқылауға және іске асыруға қатысуға;
- Мемлекеттік және басқа да органдарда, сондай-ақ оның сайлау органдарының тапсырмалары бойынша басқа ұйымдардың және азаматтардың қарым-қатынасында Қауымдастық мүдделерін көрсетуге;
- Қауымдастық қызметі туралы ақпараттар алуға;
- Өз өтініші бойынша Қауымдастық мүшелігінен шығуға құқылы;

### **2.3.3 Қауымдастық мүшелерінің міндеттері:**

- Қауымдастық Ережесін сактауға;
- Қауымдастық қызметіне қатысуға;
- Қауымдастық жарнасын дер кезінде төлеп тұруға;
- Қауымдастық шешімдерін орындауға;
- Қауымдастық жұмыстарының тиімділігін арттыруға өз жұмысын бейімдеуғе;
- Қауымдастық Ережесін, жолдастық өзара қарым-қатынастардың этикасын бұзатын әрекеттерді, сондай-ақ Қауымдастық пен оның мүшелеріне моралдық немесе материалдық шығындар әкелетін әрекеттерді жасамауға, Қауымдастық басшылыққа алатын мақсаттар мен міндеттерге карсы келетін қызметтерден қалыс қалуға міндетті.

2.3.4 Қауымдастыққа мүшелікке қабылдау Қауымдастық Басқармасы мен Басқарма мүшелерінің қарапайым басым дауыс беруімен жүзеге асырылады. Азаматтар Қауымдастық мүшелігіне жеке өтініші негізінде қабылданады.

2.3.5 Атқарушы орган Қауымдастық мүшелерін есепке алып, тіркеуді жүргізеді. Қауымдастық мүшелерінің тізіміне енгізу және тізімінен шығару үшін Қауымдастықтың тиісті шешімдері, сондай-ақ Қауымдастық мүшелерінің Қауымдастықтан шығару туралы өтініші негіздеме болып табылады.

<b>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Қазақ-түрік университеті</b>		<b>КЕ-ТК-001-2022</b>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Құрылым өрежесі</b>	
<b>Түлектер қауымдастыры</b>		<b>11 беттің 4-беті</b>

2.3.6 Қауымдастық мүшелеріне Қауымдастық мүшесі қуәлігі берілуі де мүмкін. Куәлік формасын Басқарма бекітеді.

2.3.7 Қауымдастық мүшелері өзінің Қауымдастыққа мүшелігін Қауымдастық Басқармасына өтініш беру жолыменен тоқтатады.

2.3.8 Қауымдастық мүшелері Қауымдастық мақсаттары мен міндеттеріне қарама-кайшы қызметі үшін, сондай-ак Қауымдастыққа сенімсіздік таныту әрекеті үшін, оған моральдық шығын әкелгені үшін шығарылуы мүмкін.

2.3.9 Қауымдастық мүшелігінен шығару Қауымдастық мүшелерінің жалпы дауыс санының басым бөлігі негізінде жүргізіледі.

2.3.10 Қауымдастық мүшелері өтініш берген сәттен бастап одан шығарылған болып есептеледі.

2.3.11 Қауымдастық мүшелері мүшеліктен шыққан жағдайда жарналары кайтарылмайды.

## 2.4 ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫС

2.4.1 Қауымдастықтың жоғары басқарушы органы Жалпы жиналыс (әрі қарай - Жиналыс) болып табылады. Жиналыс жылына кемінде бір рет оффлайн/онлайн форматта өткізіледі. Жиналысты өткізу мерзімі мен өтетін орыны туралы Қауымдастық Басқармасы тараپынан алдын-ала күн тәртібі туралы Жиналыс басталғанға дейін бір ай (30 күн) бұрын хабарланады.

Жиналыска өкілділік тәртібі және делегаттарды сайлау Қауымдастық Басқармасымен бекітіледі.

Қауымдастықтың кезектен тыс Жиналысы Кеңестің бастамасымен қажеттілік жағдайында Қауымдастық мүшелерінің жалпы санының кемінде 1/3 бөлігінің талаптары бойынша шақырылады. Жиналыс Қауымдастық мүшелерінің кемінде 1/3 бөлігі қатысқандаған заңды болып есептеледі. Ал шешімдері егер оған қатысқан делегаттардың жартысынан көбісі дауыс берген жағдайда қабылданған болып саналады. Дауыс берудің (ашық және құпия) формасын Қауымдастық Басқармасы бекітеді.

Жиналысқа катысу байланыстың электронды құралдары арқылы да рұқсат етіледі.

2.4.2 Жалпы Жиналыстың құзыретіне келесі мәселелер жатады:

- Қауымдастық Жарғысының қабылдануы, оған толықтырулар мен өзгерістер енгізу;
- Қауымдастық Басқармасын және оның Төрағасын, Тексеру комиссиясын сайлау, олардың есептерін тыңдау және бекіту;
- Төраға ұсынысы бойынша Қауымдастық Басқармасы мүшелігінен мерзімінен бұрын шығару, оның өкілеттілігін тоқтату;
- Қауымдастық қызметінің алдағы есепті кезеңдегі негізгі бағыттарын анықтау;
- Қауымдастықты қайта ұйымдастыру немесе тарату туралы шешімдер қабылдау, тарату комиссиясын тағайындау;
- Қауымдастық филиалдарын құру және тарату;
- Атқарушы органның қаржылық есептерін ұсыну тәртібі мен мерзімділігін анықтау;
- Коммерциялық құрылымдарды құру туралы шешім қабылдау;
- Қауымдастық қызметінің Қауымдастық Басқармасы анықтаған баска да маңызды мәселелерін шешу.

<b>Кожса Ахмет Ясави атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		<b>KE-TK-001-2022</b>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Құрылым ережесі</b>	
<b>Түлектер қауымдастыры</b>		<b>11 беттің 5-беті</b>

## 2.5 ҚАУЫМДАСТЫҚ КЕҢЕСІ (БАСҚАРМА)

2.5.1 Жалпы жиналыс арасындағы кезеңде Қауымдастық Баскармасы (бұдан әрі – Басқарма) атқарушы орган болып табылады.

2.5.2 Басқарманы Жиналыс сайлайды және оған есеп беріп тұрады. Басқарманы Қауымдастық мүшелерінің кемінде 11 саны бар адам құрайды, олар үш жыл мерзімге қайта сайлану құқығымен сайланады. Басқарма сайлауы кезеңінде Басқармаға мүшелікке үміткерлер Кауымдастық мүшелерінен кемінде 10 жазбаша қолдаухат жинауы тиіс. Басқарма мүшелігіне үміткерлер тізімі Басқарма Жиналысы Төрағасымен дауыска енгізіледі. Жиналыс дауыс беру (ашық және құпия) формасын бекітеді.

Басқарма Төрағаның алдын-ала келісімімен, өзінің кез келген мүшелерінің өтініші бойынша жиналады. Басқарма егер оның жұмысына Басқарманың кемінде 1/2 мүшесінің қатысуымен болса, онда ол заңды болып есептеледі. Дауыстардың тепе-тендігі кезінде Басқарма Төрағасының немесе төрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады. Сырттай дауыс беруге де болады. Басқарма шешіміне Төраға қол қояды және ол барлық мүшелері үшін міндетті болып саналады. Бірлестіктің Басқарма мүшелері дербес және коллегиялық жаупкершілікті алып жүреді.

Қауымдастық Басқармасының мүшесі өзінің өкілеттілігін мынадай жағдайларда жоғалтады:

- Қауымдастық Басқармасымен белгіленген шешімдердегі өзінің қызметтік міндеттерін орындамағанда;
- Қауымдастық Басқармасы шешімдерін орындамағанда;
- Қауымдастық Басқармасының мәжілістеріне үш реттен көп себепсіз қатыспағанда;
- Қауымдастық Кеңесінің абыройы мен беделіне нұксан келтіргенде;
- өзінің өкілеттілігінде қалыптасқан міндеттерді атқаруы мүмкін болмағанда.

### 2.6.3 Қауымдастық басқармасының құзіретіне мыналар кіреді:

- өзінің мүшелерінің арасынан Төраға орынбасарларының санын анықтау және сайлау;
- Қауымдастық жұмыстарының токсандық және жылдық жоспарларын қарау және бекіту;
- Қауымдастық мүшелеріне каражаттың түсі мен жұмсалуы туралы жыл сайын хабардар етіп тұру;
- Мүшелік жарналардың тәртібі мен мөлшерін анықтау;
- Қауымдастықтың Атқарушы секретарият (хатшылық) құрылымын, штат санын, еңбекақысы мен материалдық, тұрмыстық жағдайын және оларға қатысты шығындарын анықтау;
- Жиналыс пен тексеру комиссиясының құзіретіне кірмейтін Қауымдастық қызметтінің басқа да мәселелерін қарау және шешу;
- Қауымдастық әмблемасының үлгілерін бекіту;
- Қауымдастықтың Жарғылық қызметін жүзеге асырудың нақты бағыттарын айқындау;
- Осы Жарғымен белгіленген құзыреті шегінде Қауымдастық қызметіне қатысты ішкі нормативтік құжаттар мен қаулыларды қабылдау;

2.6.4 Төраға үш жыл мерзімге сайланады және бір мерзімнен артық емес уақытқа қайта сайлануы мүмкін. Төраға Басқарма мәжілісін жүргізеді. Төрағаның Басқарма мәжілісіне қатысуына мүмкіндігі болмай қалған жағдайда өзінің орынбасаралары ішінен

<b>Көжә Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		<b>КЕ-ТК-001-2022</b>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Құрылым ережесі</b>	
<b>Тұлектер қауымдастыры</b>		<b>11 беттің 6-беті</b>

төрағалық етушіні аныктайды. Төраға міндеттерін атқару мүмкіндігі болмаған жағдайда өзінің өкілеттілігімен бірге мерзімінен бўрын босатылуы мүмкін.

2.6.5 Баскарма Төрағасы өкілеттілік мерзімі аяқталғаннан кейін дауыс беру үкіғымымен Кеңесте тұракты мүшелікке қалдырылады.

## **2.7 АТҚАРУШЫ СЕКРЕТАРИАТ**

2.7.1 Атқарушы секретариат Қауымдастық Басқармасының есеп беруші органы болып табылады, оны Атқарушы директор басқарады. Атқарушы директор оның мүшелерінің келісімі бойынша Баскарма Төрағасы қызметіне тағайындалады. Атқарушы директор Баскарма кұрамына кіруі мүмкін.

2.7.2 Атқарушы директордың ерекше құзіреттілігіне мыналар кіреді:

- Қауымдастықтың ағымдағы қызметіне басшылық жасау және Төраға мен Баскарма қызметінің ақпараттық-аналитикалық және ұйымдық қамтамасыз етілуін жүзеге асыру; Жиналыс пен Баскарма алдында есеп беру;
- Банк мекемелерінде шот ашу және жабу, Бірлестік атынан мәмілелер жасау, келісімдер тұзу;
- Барлық қаржылық құжаттарға, салық, статистикалық және басқа да мемлекеттік органдарға есеп беру бойынша құжаттарға қол қою;
- Штат кестесіне сәйкес қызметкерлерді жұмысқа қабылдау және жұмыстан шығару;
- Билік органдарымен және қоғамдық ұйымдармен тікелей байланыстарды жүзеге асыру;
- Қауымдастық мұдделерін Қазакстан Республикасындағы және оның сыртындағы мемлекеттік және қоғамдық ұйымдарға таныту, корғау;
- Жиналыс және Баскарма шешімдерін атқаруды ұйымдастыру;
- Қауымдастық мүшелеріне Қауымдастық Жиналысына шақыру туралы хабарлама беру;
- Жиналыс пен Баскарма қарауына енгізілетін сұрақтарды, сондай-ақ тиісті құжаттардың жобаларын дайындау;
- Бірлестік жұмыстарының ағымдағы жоспарларының іс-шаралар графигін құрастыру және бекіту;
- Белгіленген лимиттер бойынша ағымдық шығындардың сметасын құру және бекіту;

2.7.3 Атқарушы директор Қауымдастық қызметінің жалпы ұйымдастырушылық мәселелерде жауапкершілікті алып жүреді.

## **2.8 ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ (ТЕКСЕРУШІ)**

2.8.1 Қауымдастықтың Тексеру комиссиясы (Тексеруші) Жалпы жиналыста екі жыл мерзімге сайланады. Тексеру комиссиясының сандық құрамын Жалпы жиналыс аныктайды. Тексеру комиссиясы (Тексеруші):

<b>Қоңса Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>		<b>KE-TK-001-2022</b>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Құрылым ережесі</b>	
<b>Тұлектер қауымдастыры</b>		<b>11 беттің 7-беті</b>

- Басқарманың, атқарушы органның сондай-ақ, бөлімшелердің қаржылық-шаруашылық қызметіне тексеру жүргізеді;
- Қауымдастық қызметіне тексеруді жылына кемінде бір рет ұйымдастырады;
- Қажет болған жағдайда аудиторлық ұйымдарды тексеруге тартады;
  - 2.8.2 Тексеру комиссиясының (Тексеруші) мүшелері Басқарма мәжілістеріне кенесші дауыс құқығымен қатыса алады.
  - 2.8.3 Тексеру комиссиясының (Тексеруші) мүшелері Басқарманың және Қауымдастықтың атқарушы органдары құрамына кіре алмайды.

### **3 ФУНКЦИЯЛАР**

- 3.1 «Ахмет Ясауи университетінің Тұлектер Қауымдастыры» барлық буындағы тұлектер арасындағы тұрақты байланыстарды орнатуға және қолдауға көмектеседі;
- 2) заманауи білім алушының мәдени өсүіне мүмкіндік жасай отырып, олардың рухани және басқа да материалдық емес қажеттіліктерін қанағаттандыруға жұмыс істейді;
  - 3) университет тұлектерін белсенді қоғамдық қызметке рухани бағдарлау және тарту мақсатымен олардың негұрлым дарынды бөлігінің жеке қабілеттерін айқындайды;
  - 4) университет тұлектері мәртебесінің абырай-беделін арттыруға көмектеседі;
  - 5) тұлектердің кәсіби мұдделерін жүзеге асыруға ықпал ету, олардың жұмысқа орналасуына көмектеседі;
  - 6) тұлектерге материалдық көмек көрсету, демеушілік қызметті ұйымдастыру, ғылымда жетістікке жеткен және мүмкіндігі шектеулі, әлеуметтік жағдайы төмен білім алушыларға қолдау көрсетеді;
  - 7) семинарлар, конференциялар, дәрістер, курстар және насиҳаттық іс-шаралар ұйымдастыру және өткізеді;
  - 8) білім беру бағдарламаларын сараптамадан өткізуге қатысады;
  - 9) білімгерлердің кәсіптік практикадан өткізуге қолдау көрсетеді;
  - 9) университетке имидждік қолдау көрсетеді (телевизиялық бағдарламаларда және т.б. бұкаратың ақпарат күралдарында насиҳат жұмыстарын жүргізу);

3.2 Қауымдастық өзінің құзіреттілігі шеңберінде барлық мұдделі кәсіпорындармен, қоғамдық және ғылыми ұйымдармен, заң орындарымен және атқарушы билікпен, шетелдік және халықаралық ұйымдармен, басқа да занды және жеке тұлғалармен бірге қызмет ете алады.

3.3 Қауымдастық кәсіпкерлік және сыртқы экономикалық қызметтермен тек өзінің осы ережеде көрсетілген мақсаттарына жетуге және оған сәйкес келетін жағдайда ғана айналысуға құқылы.

3.4 Қауымдастық өз қызметінің бағыттарын, мәдени, эстетикалық, экономикалық, техникалық және әлеуметтік даму стратегияларын өзі анықтайды.

### **4 ҚҰҚЫҚТАР**

4.1 Қауымдастық толық құқыққа қабілеттілікті иелене отырып, өзінің қызметтік мақсаттарына және міндеттеріне сәйкес кез келген мәселелерді шешуге, Қазақстан Республикасының заннамаларына қарама-қайшы келмейтін кез келген әрекеттерді жасауға, ұсынылған барлық занды құқықтарды қолдануға қатысуға құқылы.

<i>Кожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>KE-TK-001-2022</i>
<i>Сапа менеджментінің жүйесі</i>	<i>Құрылым ережесі</i>	
<i>Тұлектер қауымдастыры</i>		<i>11 беттін 8-беті</i>

4.2 Қауымдастық өзінің міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүліктеге жауап береді және өзінің мүшелерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Мүшелер Қауымдастық міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

4.3 Қауымдастықтың өз еркіменен одактарға, қоғамдық бірлестік, қауымдастыктарға кіруге, халықаралық келісім-шарттар мен байланыстарды орнатуға, тиісті келісімдер мен келісім-шарттар түзуге құқылы.

4.4 Мемлекеттік органдардың және лауазымды тұлғалардың Қауымдастық қызметіне заңсыз араласуларына жол берілмейді.

4.5 Қауымдастық құқылы:

- Заңнамамен белгіленген тәртіппен банктерде шоттар ашуға;
- Мемлекеттік және орыс, түрік тілдерінде толық атаулары жазылған мөрі, мөртабаны және бланкілер болуға;
- Қаражатты осы ережеде көзделген мақсаттарды жүзеге асыруға пайдалануға;
- Өз мүшелерінің құқықтары мен мұдделерін сottарда және басқа да мемлекеттік органдарда білдірге және қорғауға;
- Өзінің қызметі туралы ақпаратты еркін таратуға, оның ішінде баспа қызметін жүзеге асыруға;
- Қауымдастықтың жарғылық қызметін қаржыландыру үшін мәдени-көпшілік және ойын-сауық іс-шаралар мен жәрменкелер, көрме, фестивальдер мен семинар-тренингтер өткізуға;
- Қоғам өміріндегі әр түрлі мәселелер бойынша бастамамен шығуға, мемлекеттік билік органдарында ұсыныстар қосуға;
- Сайлау науқандарына қатысуға;
- Тікелей халықаралық келісім-шарттар мен байланыстарды қолдауға;
- Қазақстан Республикасының басқа аймақтарында және жақын, алыс шет елдерде өз өкілдіктерін немесе филиалдарын ашуға;
- Қауымдастық өкілдіктері немесе филиалдары орталық басқармасына тікелей бағынуға және орталық шешімдерін орындауға;
- Баспалық қызметті, оның ішінде, редакциялық-баспа қызметін жүзеге асыруға, бюллетенъдер, конференция материалдарын және басқа да қажетті әдебиеттерді университет баспаханасынан шығаруға;
- Өзінің қызметіндегі жариялышықты қамтамасыз етуге;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына кайшы келмейтін өзге де өкілеттіліктерді жүзеге асыруға;
- Кітапхана және қауымдастыққа қатысты әлеуметтік-тұрмыстық бөлімшелердің қызметін пайдалануға;
- Университет Сенаты мен комитеттерінің жұмыстарына қатысуға;
- Университеттің құрылымдық басшыларына қауымдастық тарапынан бірлесе аткарылатын ұйымдастыру қызметі бойынша ұсыныстар беруге;
- Университет құрылымдық бөлімшелерінен ұйымдастыру жұмыстарына қатысты құжаттардың өз уақытында жеткізілуін талап етуге;
- Факультеттердегі оқу-ұйымдастыру жұмыстарына, тәрбие жұмыстарына араласуға;
- Университет тұлектерінің құқығын қорғауға.

<b>Көжас Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</b>	<b>KE-TK-001-2022</b>
<b>Сапа менеджментінің жүйесі</b>	<b>Құрылым ережесі</b>
<b>Тұлектер қауымдастыры</b>	<b>11 беттің 9-беті</b>

## 5. МІНДЕТТЕРІ

5.1 Тұлектердің ұжымдық мәдениетін қалыптастыру. Жыл сайын, сәуір айының соңғы сенбісінде жалпы университеттік Тұлектер күнін атап өту.

5.2 Тұлектердің университетке имидждік қолдау көрсетуін қамтамасыз ету. Яғни, ашық ақпарат корларынан, тұлектердің жаңа лауазымдары туралы университет өзгелерді хабардар етіп отыру. Сонымен қатар, университет тұлектері - бизнес өкілдері, БАҚ өкілдері, қоғам қайраткерлері, биліктегі өкілдер туралы ақпарат жиналатын болады.

5.3 Демеушілік қызметті ұйымдастыру, әлеуметтік жағдайы төмен студенттерді қолдау. Сондай-ақ, Алъма-матердің қажеттілігі мен мұқтаждықтары туралы тұлектерді хабардар ету.

5.4 Білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру. Тұлектерді университетке мастер-класстар мен дәрістер өткізуге шақыру арқылы өз кәсіби құпияларын студенттермен бөлісу.

5.5 Оқу үдерісінің заманауи нарық тәртібіне сай бейімделуі шенберінде жұмыс берушілермен өзара әрекеттестікті нығайту.

## 6. ЖАУАПКЕРШІЛІК

6.1 Тұлектер қауымдастырына жұмыс істеуге жағдай жасап, еңбек заңдылығын, техникалық қауіпсіздікті сактау.

6.2 Тұлектер қауымдастыры университет ректоры мен Өкілетті кеңес және Сенаттың қаулы-қарапарлары мен жарлығын, нұсқауларын уақытында орындау.

6.3 Тұлектер қауымдастырына жүктелген қызметті мен міндеттерді орындау, осы Ережеде белгіленген тәртіп бойынша сапалы аткару.

6.4 Тұлектер қауымдастыры міндетін атқару барысында КР Еңбек кодексі белгілеген басқа да тәртіпті бұзған жағдайда.

6.5 Өзінің қызметін атқару барысында: әкімшілік, қылмыстық, азаматтық заңдарға сәйкес құқық бұзушылыққа жол берген жағдайда.

6.6 КР Еңбек кодексі және азаматтық заңдарына сәйкес материалдық зиян келтірген жағдайда.

6.7 Тұлектер қауымдастырында ұйымдастыру жұмыстарының деңгейі төмен болған жағдайда.

6.8 Университеттің ішкі Ережесіне өз міндеттері шегінде немқұрайлы қараса.

6.9 Тұлектер қауымдастыры қызметкерлерінің қызмет этикасын бұзған жағдайда.

6.10 Қызмет барысында ақпараттық мәліметтерді сақтамаған жағдайда.

6.11 Тұлектер қауымдастырына енгізілген Сапа менеджменті жүйесінің (бұдан былай-СМЖ) төмен сапасы үшін.

6.12 Жұмыс барысында техника қауіпсіздігі Ережесін қатаң орындаған жағдайда жауапқа тартылады.

## 7 ҚҰРЫЛЫМДЫЛЫҚ БӨЛІМШЕЛЕРМЕН ӘРЕКЕТТЕСУ

7.1 Университет ректоры, Өкілетті кеңес және Сенаттың қаулы-қарапарлары мен жарлығын, нұсқауларын уақытында орындауға жауап береді.

7.2 Қауымдастық жыл сайын өз жұмыстарының нәтижесі туралы Сенатқа есеп береді.

7.4 Қауымдастықтың кадр мәселесін университет ректоры шешеді.

<i>Қоқса Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>КЕ-ТК-001-2022</i>
<i>Сапа менеджментінің жүйесі</i>	<i>Кұрылым ережесі</i>	
<i>Түлектер қауымдастыры</i>		<i>11 беттің 10-беті</i>

7.8 Қауымдастық материалдық жауапты тұлға ретінде танылады және ай сайын бухгалтерияға қызметкерлердің атқарған жұмыс уақытының табелін тапсырады.

**Жалпы жиналыста қаралды** (хаттама №1 «*06. 05.*2022 жыл).

### **КЕЛІСІЛДІ**

Әлеуметтік-мәдени даму вице-ректоры

A.Тұрғанбаев

Заң бөлімінің басшысы

Г.Мусаханов

Адам ресурстарын басқару бөлімінің басшысы

К.Тубеков

Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының  
басшысы

Ж.Дарибаев

<i>Қоңға Ахмет Ясави атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>	<i>KE-TK-001-2022</i>
<i>Сапа менеджментінің жүйесі</i>	<i>Құрылым ережесі</i>
<i>Түлектер қауымдастыры</i>	<i>11 беттін 11-беті</i>

Φ-CΜΒ-004

## ТАНЫСУ ПАРАГЫ